

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.324-326

## АЛМАТЫДАҒЫ «BRB АРК» ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІНІҢ КӨКӨНІСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖАҒДАЙЫ

*Мәуітқан К.*

Қазақстан жылыжайлары ассоциациясының президентінің сараптамалық пікірі бойынша - бүгінгі күні Қазақстан кезең ішінде әсіресе қысқы кезеңде өзін көкөніспен қамтамасыз ете алмайды. Ішкі нарықты Қытайдан және Өзбекстаннан әкелінген импорттық өнімдер алып жатыр. Базарларда және супермаркеттерде сатылып жатқан жалпы көкөністің көлемі қазақстан өнімінің 20% ғана құрайды [1].

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, республикадағы ерте көкөніс өндірісінің көлемі 2015 жылы 147,7 мың тоннаны құрады, ол ұлттық тұтыну нормасына сәйкес, елдің ішкі қажеттілігінің тек 83%-ын ғана құрайды. Бұл маусым аралығы кезеңінде көкөніс өнімінің көлемін ұлғайтуға, импортқа тәуелділікке әкеледі. Қазіргі уақытта, республика тұрғындарының жабық топырақтағы көкөніске қажеттілігі шамамен 175 мың тоннаны құрайды. [2]

8.12.2016 "ҚазАгро" ұлттық холдингінің қаржылай қолдаумен Алматыда салынған Қазақстандағы ең үлкен Жылыжай кешені елдің оңтүстік астананың сауда желілеріне өз өнімдерін жеткізуді бастады. Республиканың АӨК маңызды нысан "ҚазАгро" ұлттық холдингінің 10-жылдығы және Қазақстанның Тәуелсіздігінің 25-жылдығы қарсаңында іске қосылды.

«BRB АРК» ЖШС-нің жалпы құны 7,8 млрд. теңге тұратын алаңы 12 га жылыжайын «ҚазАгро» құрылымындағы компания - «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржыландырған. Объект оңтүстік астананың Алатау ауданында орналасқан және 3 200 тонна қызанақ пен 4 000 тонна қиярдың жылдық өндірісіне бағдарланған. Өндірісте Dalsem голланд компаниясының технологиясы қолданылады. Шамамен 150 адамды жұмыспен қамту көзделген. Қазірдің өзінде өндірісте шамамен 150 адам еңбекпен қамтылған.

«BRB АРК» ЖШС директоры Нұрлан Әділханның айтуынша, "Біздің негізгі артықшылығымыз, қолданатын технологиядан басқа сауда желілерінің қолжетімді әрі жақын орналасуы және өндірісті ауыздықтау жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі бар. Әрине, кешен отандық нарықтың көкөніс өнімдеріне қажеттілігінің бәрін жаба алмайды, бірақ сөзсіз импорт алмастыруға және қазақстандық сатып алушыларды экологиялық таза өніммен қамтамасыз етуге өз ықпалын тигізеді" – деді жобаның жетекшісі.

*Алматы қаласында көкөніс (қызанақ, қияр) өсіру жылыжайларын құруды қарастырады.*

*Кәсіпорын қызметінің мақсаттары мыналар болады:*

- Ішкі және сыртқы нарықтарда сату үшін жоғары сапалы, экспортқа бағдарланған, бәсекеге қабілетті өнім алу;

- Алматы қаласының тұрғындарын а/ш өнімдерінің негізгі түрлерімен үздіксіз қамтамасыз ету;

- Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен сату нәтижесінде пайда түсіру;

- Ауыл тұрғындары үшін кәсіпорынның өндірістерінде жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру және беру, олардың әлеуметтік мәселелерін шешу.

*Мақсатқа қол жеткізу жоспары:*


- «Кілтін тапсыра отырып» инженерлік және технологиялық жабдықтарымен бірге жылыжай кешенінің құрылысы;

- Өндіріс үшін негізгі және қосымша материалдарды сатып алу, әкелу (тұқым, тыңайтқыш және басқалары үшін айналым қаражаты);

- Құрамды орналастыру, жинақтау және оқыту;

- Жылыжай кешені өндірісінің басталуы және өнім шығару.

Осы жобаның шеңберінде компания мынадай схема бойынша коммерциялық қызметті жүзеге асыруды жоспарлайды:



1-сурет – Кәсіпорынның коммерциялық қызметінің схемасы

Өнімнің осы түрін таңдау кезінде компания Алматы қаласының тұрғындары үшін мынадай пайдалы шарттарды басшылыққа алды:

- импортты айырбастайтын өнімдер өндірісі (жылыжай кешені Алматы қаласының шекарасында орналасатын болады);

- жыл бойы экологиялық таза өніммен қамтамасыз ету;

- өнім бағасының барынша төмен болуы.[3]

Қазіргі таңда еліміздің әр аймағынан заманауый жылыжайлар ашу жоспарлануда, әсіресе халық саны көп оңтiстiк аймақтарда көптеп жүзеге асырыла бастады. Осы мәселелерге байланысы Астана қаласы С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінде биылғы жылдан бастап арнайы жалажай жағдайында көкөніс өсіру бағытында көптеген мамандар білім алу үстінде. Біздің міндетіміз жоғары деңгейде білім алып, заманға сай жылыжай кешендерінің жұмысын одан әрі көркейту және гүлдендіру.

## Әдебиеттер тізімі

1. Жұмыспен қамту 2020 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
2. Stat.gov.kz Алматы қаласы
3. [http://bnews.kz/kz/redesign/news/made\\_in\\_kazakhstan\\_2016\\_zhili\\_ashilgan\\_iri\\_kasiporindar\\_foto](http://bnews.kz/kz/redesign/news/made_in_kazakhstan_2016_zhili_ashilgan_iri_kasiporindar_foto)

*Ғылыми жетекшісі: а.ш.ғ.к, аға оқытушы А.С.Турбекова*